

Астана қаласы мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ауғанстан аумағынан әскерді шығаруының 30 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Астана қаласы мәслихатының 2019 жылғы 6 наурыздағы № 362/45-VI шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2019 жылғы 27 наурызда № 1212 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 55-бабы 1-тармағы 5) тармақшасына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 30-жылдық бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының Ауғанстан аумағынан әскерді шығару күніне орай қосымша әлеуметтік көмек (2019 жылдың 15 ақпаны) Ауғанстанда ұрыс қимылдарына қатысушылар ішінен жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген Астана қаласында тіркелген және тұрақты тұратын азаматтарға 30 000 (отыз мың) теңге мөлшерінде қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласы мәслихаты

сессиясының төрагасы

Астана қаласы

мәслихатының хатшысы

К. Эбден

Ж. Нурпейісов